

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ
6B02203 – Дінтану

Пәндер циклі	Пәндер атауы және олардың негізгі бөлімдері	Кредит көлемі (ECTS)
ЖББ1	ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛІ (ЖББ)	56
1	Экология және тұрақты даму	5
	Пәнді оқу студенттерде логикалық ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді, тірі организмдердің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің жалпы заңдылықтары, қоршаған ортаға антропогендік әсермен байланысты проблемалар, табиғат қорғау іс-әрекеттерінің нақты міндеттері мен басымдықтарын қарастыру, адам мен табиғаттың бірлігін білу	
2	Құқық негіздері және жемқорлыққа қарсы мәдениет	5
	Конституцияның, ҚР қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелері; мемлекеттік басқару органдарының жүйесі, экономиканы мемлекеттік реттеудің өкілеттіктер шеңбері, мақсаттары, әдістері, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлі; қаржылық құқық және қаржы; материалдық және іс-жүргізу құқығының өзара іс-қимыл тетігі; сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның шығу себептері; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік, құқықтық жауапкершілік шаралары.	
3	Экономика және бизнес негіздері	5
	Пәннің мақсаты қазіргі қоғамның дамуындағы жаңа құбылыстарды талдау мен органикалық байланыста экономика мен бизнестің негізгі ережелерін, экономикалық категориялар мен заңдарды, студенттердің білімін игеру болып табылады, оған қол жеткізу келесі негізгі бөлімдерді меңгерумен қамтамасыз етіледі, қоғамдық өндіріс, капиталдың мәні, нысандары, құрылымы, өндіріс шығындары, нарықтық экономикадағы өндіріс кірістері, бизнес түсінігі, кәсіпкерлік қызмет түрлері	
4	Адамның тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі	5
	Тіршілік қауіпсіздігін зерттеудің мақсаты – сыртқы факторлар мен себептерден болатын адам өлімі мен денсаулығын жоғалтуға бағытталған білімді қалыптастыру және насихаттау. Техносферада адамның антропогендік, техногендік және табиғи шығу тегі сыртқы жағымсыз әсерлерден қорғалуын құру. Қорғау объектісі – бұл адам.	
БП 2	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІ (БП)	112
5	Араб тілі	
	Пәннің мақсаты - тіл үйретудің кешенді жүйесіне араб тілі бойынша жазу, сөйлеу, оқу, тыңдау, икемділіктері мен дағдыларын қалыптастырумен қатар, араб тілінің грамматикалық ерекшеліктерін, сөздердің жасалу жолдарын үйрету, студенттердің тілдік лексикасын байыту, фразеологиялық, терминологиялық сөздер мен сөз тіркестері арқылы олардың біліктілігін арттыру болып табылады.	
6	Ежелгі өркениеттер діндері	5
	Пәннің мақсаты ежелгі өркениеттер дінінің негізгі идеялық-теориялық және гуманитарлық бағыттарын ашу, діни дүниетанымды түсіну әдістерін игеру. Алғашқы қауымдық діндерді зерттеу және ежелгі адамдарды о дүние әлемі туралы түсінігімен танысу. Табиғат күшін әсірелеу. Жан ұғымы. Пұтқатабынушылық. Месопотамия діндері. Ежелгі түркілердің діні. Ежелгі Мысыр діні. Зороастризм-ежелгі иран халықтарының діні. Ежелгі заман діндері.	
7	Классикалық араб тілі	
	Бұл пәннің мақсаты - араб тілінің фонетикасы мен морфологиясы және араб тіліндегі жай және жайылма сөйлемдер жайында мағлұматтар беріп, оны сөйлемде қолданылу жолдарымен таныстыру, араб тілінде еркін сөйлеуге машықтандырып, әдеби және діни шығармаларды өз бетімен оқып, аударуға үйрету, сонымен қатар тұрмыс-тіршілік, саяси-қоғамдық тақырыптарда әдеби тілде еркін сөйлеуге дағдыландыру.	
8	Әдеби араб тілі	

	Пәннің мақсаты әдеби араб тілінің негізгі ережелерін оқу. Грамматикалық құрылыс, синтаксис. Етістік. Араб етістігінің түрлерін оқу. Сөйлем түрлері: атаулы және етістік сөйлем. Қос Сан Араб етістігінің дұрыс емес формалары. Болмыс және қалыптасу етістіктері. Сын есімдер. Накты кепілдің қатысуы. Кепілдің қатысуы. Мәтіндерді аудару.	
9	Буддизм қазіргі заманда	
	Пәннің мақсаты Үндістанның буддизмге дейінгі ілімдерін қарау болып табылады. Будда Канонын зерттеу. Ерте буддизм. Буддизмнің пайда болуының әлеуметтік-діни контекстерін талдау. Будда ілімінің негізгі ережелерін ашу. Буддизмнің бөлінуі. Дхарм теориялары. Будда космологиясы. Әдеп. Буддизмнің философиялық мектептері. Сутр махаяна әдебиеті. Бодхисатва жолы. Буддизмдегі монастырь және монахтық өмір. Будда күнтізбесі. Будда мерекелері.	
10	Христиандық этика	
	Пәннің мақсаты-христиан этикасының негіздерін зерттеу. Христиан этикасының басқа этикалық жүйелерден айырмашылығын талдау. Ескі Өсиеттің адамгершілік нормаларын анықтау. Христиан этикасының дамуын қарастыру. Жаңа Өсиет. Бастапқы христиандық. Шіркеу Әкелері Дәуірі. Схоластика. Реформация және контрреформация. Жақсылық пен зұлымдық өлшемдерінің мәселелерін зерттеу. Адам күнәһарлығы мен ар-ождан бостандығы мәселесін қарастыру.	
11	Әлемдік діндер тарихы	
	Дүниетаным және дін мәселелерін қарастыру. Діни сананың жалпы және алуан түрлілігін талдау. Дінді оқытудағы дүниетанымдық ұстаным және объективтілік мәселесін қарастыру. Діни сананың ерекшелігі және зерттеу әдістері. Адамзаттың мәдени тарихындағы діннің жалпыға ортақ болуы мен діннің пайда болу мәселесін шешу жолдарын қарастыру. Діннің шығу тегінің теологиялық, социологиялық, гносеологиялық тұжырымдамаларын анықтау.	
12	Орта ғасыр мен жаңа кезеңдегі араб және еуропалық мәдениеттердің өзара әрекеттесуі	
	Пәннің мақсаты - Шығыс пен Батыс мәдениетінің, христиандық ислам мен буддизмнің өзара әрекеттесуін талдау болып табылады. Мұсылмандардың Еуропаны жаулап алу ерекшеліктерін қарастыру. Испаниядағы Реконкиста. Крест жорықтары. XX ғасыр: Ислам-Христиан Диалогы. Ислам-еуропалық мұраның, еуропалық бірегейліктің бір бөлігі. Ислам-Ренессанс негізі. XXI ғасыр: батыс пен Ислами Шығыстың өзара қарым-қатынасы тарихындағы жаңа бетбұрыс.	
13	Ислам өнерінің тарихы	
	Пәннің мақсаты- Ислам әлемі өнерінің ерекшеліктерін зерттеу болып табылады. Араб тілді философияның ортағасырлық Ислам мәдениетіне әсері. Әлемдік мәдениеттегі мұсылман өнерінің орны. Мұсылман дәстүріндегі бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнердің түрлері мен жанрларының мәнін ашу. Каллиграфия. Ислам елдерінің архитектурасының ерекшеліктерін қарастыру. Араб миниатюрасының мектептері. Әлем елдеріндегі ислам өнерінің ерекшеліктері.	
14	Дінтануды оқытудың әдістемесі	
	Пәннің мақсаты дінтану пәнін оқытудың дүниетанымдық негіздерін қарастыру болып табылады. Діни білім мазмұнын талдау. Дін туралы білім. Аудиториялық сабақтар және оның түрлері. Оқу орындарында сабақ берудегі көрнекілік құралы. Дамытушы діни білім. Оқу орындарында білімді тексеру және бағалау әдістемесі.	
15	Жастар мәдениеті және масс-медиа	
	Пәннің мақсаты жастарды ерекше әлеуметтік топ ретінде қарау болып табылады. Жастар субмәдениетінің тарихи және теориялық аспектілерін талдау. Қазіргі жастар мәдениетінің ерекшеліктері. Жастардың қатысуымен қоғамдық өмірдің түрлі салаларын басқару бойынша мемлекет қызметінің негізгі бағыттарын қарау. Бұқаралық коммуникация	

құралдарының адамдардың сана-сезімі мен мінез-құлқына әсерінің ролін ашу.		
КП 3	КӘСПТЕНДІРУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІ (КП)	60
16	Қазақстан территориясындағы Исламға дейінгі наным-сенімдер	5
Қазақстандағы Ислам дініне дейінгі түрлі наным-сенімдер мен қазіргі діни ахуалды талдау. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне Исламға дейінгі наным-сенімдердің әсерлерін анықтау. Ислам дінінің қазақ қоғам өміріндегі ролін, пайда болуының әлеуметтік жағдайларын анықтау. Діннің ұлттық болмыс пен санаға тигізетін әсерлерін зерттеу. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарындағы дін факторының орнын айқындау.		
17	Интернет технологиялар және оларды оқу процесінде қолдану	5
Пәннің мақсаты қазіргі білім берудің инновациялық механизмдерін және қоғамның даму үрдістерін ашу болып табылады. Техникалық біліктілік негіздерін ашу. ХХІ ғ: академиялық білім ғасыры және сыни ойлау қабілетін жетілдіру талаптарын айқындау. Педагогикалық мәдениет қажеттіліктері мен педагог тұлғасын қалыптастыру тәсілдерін талдау. Оқу үрдісін ұйымдастыруда заманауи технологияларды қолдану әдістерін жүзеге асыру.		
18	Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер	5
Пәннің мақсаты - қазіргі әлемдегі жаңа діни қозғалыстардың (НРД) пайда болу себептерін және эволюциясын ашу болып табылады. Посткеңестік кеңістіктегі және ТМД елдеріндегі НРД ерекшелігін талдау. Дәстүрлі емес діндердің сипаты мен жіктелуі. Әлеуметтік іс-әрекеттің және діни практикалардың ерекшеліктерін зерттеу. Қазіргі дәстүрлі емес діни культтерді қарау. Неоориенталистік культтер. Неохристиандық. Исламдағы непрадиционализм.		
19	Дін туралы мемлекеттік заңнама	5
Пәннің мақсаты – мемлекет пен діни бірлестіктердің негізгі қарым-қатынасын зерттеу болып табылады. Зайырлы мемлекеттегі ар-ождан мен діни сенім бостандығы қағидатының мәнін ашу. Сондай-ақ осы қағидаттың халықаралық құқықта және жетекші шет елдерде іске асу ерекшеліктері. Қазақстан Республикасының Конституциясы ар-ождан бостандығы және діни сенім туралы. Діни саясат және ҚР діни заңнамасының ерекшеліктері.		
20	Қазіргі Қазақстанның этноконфессиялық детерминациясы	5
Пәннің мақсаты – этномәдени ахуалдың даму ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың елдің конфессияаралық саясатына әсерін талдау. Этномәдени жағдайдың дамуы мен қалыптасуына діннің компенсаторлық, коммуникативтік, танымдық аспектілерін анықтау. Қазіргі Қазақстандағы мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылы. Экстремизм мен терроризмді шектеуге бағытталған әрекеттерді талдау. Елдегі конфессияаралық қарым-қатынаста төзімділікті тәрбиелеу.		
21	Исламдық құқықтық мектеп және мұсылмандық-құқықтық мәдениет	5
Пәннің мақсаты - исламның негізгі мазхабтарының пайда болу себептері мен шарттарын қарастыру болып табылады. Суннит діни-құқықтық мектептерін талдау. Ислам заңнамасының негіздерін ғылымға енгізу. Ислам заңнамасының көздерін ашу. Шариғат құқықтық нормасын қарастыру. Ислам құқықтық нормалары мен секуляризацияланған қоғамды талдау. Демократия мәселелері бойынша Исламның құқықтық нормасының ролін қарастыру.		